

мағыналы жеткізудің көркемдігін көрсетеді. Метафоралардың семантикасы контексте ғана ашылып, ақынның түйсінудімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді бере білген. Бұдан Ф. Оңғарсынова қолданған сөздердің түп төркіні ұлттық тіліміздің негізінде жатқандығын аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, поэтикалық мәтіндердегі метафоралардың қолданысынан жеке адамның ғана емес, сонымен қатар бүкіл бір ұлттың ойлау, әлемді бейнелі тану ерекшеліктерін байқауға болады.

Библиографиялық тізімі

1. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002. КазМҰУ.
2. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 214 б.
3. Будагов Р.А. Человек и его язык. – М., 1976. – С. 301–301.
4. Мейлах Б.С. Вопросы литературы и эстетики. – Л., 1985. – 210 с.
5. Еспекова Л.Қ. Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998.
6. Ханпира Е. Окказиональные элементы в современной речи. Стилистическое исследование. – М.: Наука, 1972. – 224 б.
7. Кеңесбаев І., Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962. – 236 б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СЕМАНТИКИ АФОРИЗМОВ, ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК В РЕЧИ ГЕРОЕВ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Г. МУСТАФИНА
Ғ. МҰСТАФИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ, АФОРИЗМДЕРДІҢ КЕЙІПКЕР ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ МӘДЕНИ ҰЛТТЫҚ СЕМАНТИКАСЫ
NATIONAL-CULTURAL SEMANTICS OF APHORISMS, PROVERBS AND SAYINGS IN THE SPEECH OF THE HEROES OF WORKS BY G. MUSTAFIN

Қанапина С.Ғ.

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қостанай, Қазақстан*

Аннотация

В статье рассматривается национально-культурная семантика афоризмов, пословиц и поговорок в речи героев произведений Г. Мустафина.

Ключевые слова: речь героя, афоризм, пословицы и поговорки, образность, философская мысль.

Keywords: speech of the hero, aphorism, proverbs and sayings, imagery, philosophical thought.

Көркем әдебиетте кейіпкер тілінің эстетикалық қызметін көрсетуде тілдік-стильдік амал-тәсілдердің орны ерекше.

Кейіпкер тіліндегі көркем сөз мазмұны жағынан ерекше эстетикалық құрылымға ие. Кейіпкер тіліндегі тілдің барлық қабаттары экспрессивтік жүк көтеріп тұрады. Жазушы кейіпкерді суреттеуде оны тартымды етіп беру үшін жеке сөздер мен тұлғаларға әр түрлі стильдік жүк артып жұмсайды. Көркем әдебиетте кейіпкер тілінде қолданылатын сөздер мен сөз оралымдарының стильдік қызметі тіл мамандары мен сөз зергерлерінің назарын ерекше аударып келеді.

Кейіпкер тілі – суреткерлік қасиетке мейлінше бай, образ даралау құралы. Оның экспрессивтілігі (оқырман мен тыңдаушы сезіміне әсер ету қабілеті) мағыналық байлығы мен амал-тәсілдерінің қырынан келіп туады.

Орыс тіл білімінде көптеген ғылыми еңбектің зерттеу нысаны кейіпкер болмысын танытатын тілдік амал – диалог болғаны мәлім. Бұған қатысты Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Г.О. Винокур, А.Н. Гвоздев, М.М. Бахтин, В.М. Лагутин т.б. бірқатар ғалымдардың ғылыми зерттеулерін атауға болады.

Қазақ тіл білімінде кейіпкер тілінің стильдік қызметі жайында ғалым Р.Сыздықова [1], көркем әдебиет тілі туралы М.Серғалиев [2], көркем проза тілі жайында Б.Шалабаев [3], қанатты тіл туралы Х.Кәрімов [4], кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер туралы Г.Ә.Сәрсекее [5], қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің лексикалық, синтаксистік құрылысының стильдік қызметі жайлы К.К.Еңсебаеваның [6] т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болған.

Мақал-мәтелдер жазушы тілін жандандырып, өткірлік сипат, ұлттықажар беретін стильдік мәні ерекше құрал болып табылады. Мақал-мәтелдер кімде-кімнің болсын сөз мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін әсем өрнек. «Сөздің көркі–мақал, жүздің көркі–сақал» деп бекер айтылмаған.

Ұлы жазушы Ғабиден Мұстафин өз шығармаларының көркемдік сапасын, шеберлік өрнегін арттыру мақсатымен халық даналығын мақал мен мәтелдерді мол қолданып, оны аса дарындылық сезіммен қадір тұтады.

Шығармалар тілінің тігісін жаттықтыратын шебер үлгі ретінде пайдаланады. Жазушының өзіндік стиль ерекшелігін қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

Кемеңгер жазушының бұл ойлы, дана пікірі-жазушыларды сөзді нақыштауға үйрететін, асыл қазынаны пайдаланудың жолдарын көрсететін аталық сөз.

Мақал-мәтелдер өзінің мазмұны жағынан халық өмірінің әртүрлі саласынан дерек беретіні, әртүрлі тақырыпта айтылатыны белгілі. Ғ. Мұстафин шығармаларында қазақтың күнкөріс тұрмысы, әдет-ғұрпы, ескі салт-сана, кедей шаруа мен жұмысшының өмірі, социалистік құрылыстың өркендеуі, жаңа советтік адамның өсуі т.б. түрлі тақырыптары қозғалады, көркемдікпен суреттеледі. Осы тақырыптардың бәріне лайықты тіл, үйлесімді шеберлік таба біледі. Халық мақал-мәтелдерін әрбір тақырыпқа, суреттейтін объектісінің сипатына қарай таңдай алады. Ғ. Мұстафин кейіпкер тіліне ерекше мән беріп, әрбір кейіпкерге лайықты сөз оралымын, тіл мәдениетін, көркемдік сипат беріп отырады. Әрбір кейіпкер тілі оның жалпы өмір тәжірибесімен, жас шамасына сәйкесті ой-өрісімен лайық келіп жатуы керек. Осыған тән ерекшеліктерді Ғ. Мұстафин шығармаларынан жиі кездестіреміз.

Кейіпкер тілінде кездесетін мақал-мәтелдер персонаждың образын нақтылауға көмектеседі. Айталық, еңбеккер халықтың образын бойына жинаған халық уәкілі Шығанақтың тілін жандандырып, басқа кейіпкерлерден дараландыратын тілдік мінездеу, мақал-мәтелдер, афоризмдер арқылы беріледі.

Мысалы:

«Қалауын тапса қар жанады. Бабын тапса құм да жанады» (47 б).

«Жер жайын жорытқан біледі. Мал жайын баққан біледі» (82 б).

«Өмір қызығы сыйласу, бір үй толған жансың, бір-біріңе қонақсың – деп отырады үй қожасы Шығанақ» (45 б).

«Ақыл ойдан артық емес» (47 б) – деп, өз пікірін жалтартпас шындықпен дәлелдейді.

Шығанақтың келесі бір сөздерінде оның адамгершілік қасиеттерін аша түсетін мына сияқты мақал-мәтелдер, афоризмдер бар:

«Қаз орғанына семіреді. Қара құс тойғанына семіреді» Біз қара құс емеспіз.

«Асқанды айтпа, сасқанды айт, етті айтпа, ниетті айт» (64 б). «Сүйреп қосқан тазы түлкі алмайды» (114 б).

Шығанақтың ақылшы, тәрбиеші қасиетін мына сияқты афоризмдерден байқауға болады:

«Адам жастықтың қызығын өз шағында көріп, бағасын кейін береді екен» (73 б); «Іргесі бекіген ескілік, жаңалыққа жол бере қоймайды. Жаңалық жағаласып жеңіп алады. Ескінің бәрі іріп тұрмайды. Айыра білу керек. Мұның ең айқын белгісі – сезім» (83 б); «Бір құлаған бәйтерек, орнатсаң да орнамас» (86 б).

Шығармалардағы қатысушылардың сөйлеуі бүкіл шығарма бойында бір сарында қалып қоймайды. Өмір тәжірибесінің молаюына, көзқарасының өзгеруіне қарай тілі де өзгереді. Мысалы, түсінбегендіктің салдарынан колхоздасудан басын ала қашқан кейіпкер Олжабек: «Маған ортақ өгізден, оңаша бұзау артық» («Шығанақ» 26б) деген Олжабектің бастапқы көзқарасы, осыған орай іс әрекеті ашылып әйгіленеді.

Кейбір кейіпкерлердің әлеуметтік хал-жайын суреттейтін мақал-мәтелдер әр түрлі әлеуметтік ортаның адамына лайықтап алынған. Мысалы: **«Дауылдан кейінгідегі»** екі жалшының айтатын мақалы мен мәтелі.

«Бит тояр қаным, аярлық жаным қалған жоқ».

«Кедейдің бір тойғаны – шала байығаны» – тәрізді болып келеді, немесе «Рақатсыз байлық – кедейліктен жаман екен» (235 б).

Кейбір мақал-мәтелдер кейіпкерлердің саяси бағытын білдіреді. Мысалы: «Байтал шауып бәйгі алмас» (15 б)

«Күн қораласа, күрегіңді сайла» (197 б)

«Көрмес түйені көрмес, білмес құдайды білмес» (209 б)

«Халық көңілі бір қалса, өлгенде де кешпейді» (255 б)

«Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» – «У ішсең, руыңмен, ат сатсаң ауылыңмен» – деп отырған қазақтың ортасына от тастап, тап тартысын қолдан жасай алмаймыз. «Жауырды жаба тоқы», «Қол сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде» (276 б).

Романдардағы қаһармандардың өнеге, ақыл өсиеттері де көбінесе мақал-мәтел, афоризмдер арқылы беріліп ұтымды болып шығады. Мысалы: **«Батаменен** ер көгереді, жаңбырменен жер көгереді. **Жолың** болсын! – деп өз көңілін білдіреді кейіпкер. («Дауылдан кейін» 122 б) Немесе: «Мен ертеңгі құйрықтан, бүгінгі өкпені артық көрем» («Шығанақ» 48 б).

«Есің болса – ел болмайтын ерді алма.

Жат үшін жаралған қызды ал» («Шығанақ» 61 б).

«Сөз үлкен болғанша, іс үлкен болсын» («Миллионер» 360 б).

«Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық» («Миллионер» 266 б).

«Миллионер» **романындағы басты** кейіпкерлер **Жомарт, Алма, Жанаттың** бір-біріне деген сезімдері, нағыз достықты бағалай алатындықтары мына афоризмдер арқылы өте ұтымды, әсерлі болып беріледі.

«Күн қабағы жабылса, жер қысылады. Сенің қабағың жабылса мен қысылам. Сені қысып күн болғанша, жанып бітіп күл болам» (352 б)

«Тіршілік түйіні екеу-ақ. Соның бірі – тән. Екіншісі – жан. Тән шырайы – құлқын. Жан шырайы – ар» (355 б)

«Дос жүрегінен Алатаудай орын алайық.

Бірақ, Алатаудай бөгет болмайық» (363 б)

«Нағыз достар рақат пен азапқа бірдей ортақ» (364 б)

«Қызыл темір суға малса, шыжылдар да, шынығар.

Қызба жүрек, суық сөзден дір етер де суынар» (364 б)

Осындай халық тілінің шешендік тіл өрнегімен сөйлейтін «Миллионер» романындағы кейіпкер – Жақып.

Жақыптың сөйлеу тілі де көбінесе халық тілінің шешендік сөз құрылысымен ыңғайлас. Әсіресе айтыс, тартысқа келгенде, осы мәнермен сөйлейді.

Мысалы: «Біткен іске сыншы көп,

Піскен асқа жеуші көп».

Сыншының бәрі бірдей мінші ме?

Жас болса келіп қалды. Тартысуға қайрат жете ме? Бас сауғалауға ар жете ме? (223 б) тәріздес болып келіп, риторикалық сұрауға құрылады.

Кейіпкер Жақып басқа қатысушылардың мінез-құлық, іс-әрекетін шенегенде де мақалдап сөйлейді. Ол қызы Жанатқа:

«Әкең үйің жау шапса, жабығына қолды бірге сал» – деп үйретеді (224 б).

Кейбір афоризмдер философиялық ой қорытындысын береді.

Мысалы:

«Қатты қайың қызғанда шыпшып-шыпшып май шығады. Қатал дене қысылса, шыпшып-шыпшып тер шығады» («Миллионер» 288 б),

«Ұят, ардың бетін ашсаң, аржағында не қалды?» («Миллионер» 349 б),

«Тауды бұзу оңай. Достық, махаббат қылын үзу мүмкін емес» («Миллионер» 350 б).

Жазушының өзіндік стиліне ғана жататын тәрізді мына сияқты түйдекті тізбектерді атауға болатын секілді.

Мысалы:

«Көруге қырағылық, алуға батылдық керек»,

«Кеме қанша үлкен болса да, теңіз көтереді. Теңіз қанша үлкен болса да, түймедей темірді көтермейді» («Шығанақ» 83 б),

«Шындық шырағы дауыл соқса да, өшпейді» («Дауылдан кейін» 97 б),
«Нағыз байлық баста болады, нағыз кедейлік те баста»
(«Миллионер» 226 б),

«Берудің қызығын көрген – алудың да қызығын көреді»
(«Шығанақ» 87 б).

Бұл келтірілген мысалдардан біз жазушы шығармаларының негізгі тіл арқауы афоризмдік үлгімен құрылғанын аңғарамыз.

Қазақтың мақалдары мен мәтелдерін сұрыптап, іріктеп, тиісті образдарға сәйкестендіре пайдалану тәсілі Ғ. Мұстафиннің шығармаларынан айрықша байқалады. Жазушы қазақтың мақалдары мен мәтелдерін, негізінде мынадай принциптер бойынша топтап қолданатын тәрізді:

1. Әрбір кейіпкердің ішкі ой-пікіріне, жалпы қасиетіне байланысты кейбір мақал мен мәтелді грамматикалық жағынан «морфологиялық жағынан» өзгерту арқылы сол кейіпкердің өз сөзі ретінде береді. «Ертеңгі құйрықтан қазіргі шикі өкпені артық көрем». «Таңғы құйрықтан қазіргі шикі өкпе артық» – деген мақалдың кейбір сөздері морфологиялық өзгеріске ұшырауы арқылы жасалып тұр.

2. Кейбір мақал мен мәтелдің лексикалық-грамматикалық жағын өзгерту арқылы ескі мақалға жаңа мағына береді.

3. Автор жағымды кейіпкерінің сөзі ретінде өзінің қолтума жаңа нақыл сөздерін жасайды.

Мұндай ерекшелік басқа ақын-жазушыларда да болады. Бірақ, Ғ. Мұстафин шығармаларындағы бұл тәсілдер басқаша, сонымен қатар, бұл жеке зерттеу жұмысын жүргізуге тұрарлық іс екені айқын. Әсіресе, автордың халық мақалдары мен мәтелдерін стилистикалық жағынан түрлендіріп, жеке кейіпкердің өз сөзі ретінде жұмсау тәсілі, басқа авторлардан ерекше етіп көрсетеді.

Сонымен Ғ. Мұстафин шығармаларындағы кейіпкерлердің барлығының дерлік сөйлеу тілінде халықтық мақал-мәтелдер, авторлық афоризмдер олардың қоғамдағы алатын орнына, ой-өрісіне, білім дәрежесіне, рухани өсуіне, өмірге көзқарасына, әлеуметтік тегіне, дүниетанымына, саяси бағытына сай беріліп, кейіпкердің бейнесін нақтыландырудағы тілдік амалдың біріне айналғандығын көрсетеді. Сөйтіп, кейіпкерлер тілі – көркем мәтінде образ жасау құралы бола алады екен. Ондай құрал ретінде қолданылуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір жағдай (ситуация) керек. Кейіпкер тіліндегі түрлі оралымда тілдің барлық қабаттарымен тығыз байланысты.

Библиографиялық тізімі

1. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
2. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 136 б.
3. Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.
4. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 197 б.
5. Сәрсекее Г.Ә. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 166 б.
6. Еңсебаева К.К. Қазіргі көркем әдебиттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 160 б.
7. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 1, 3 том.

ПЕРЕДАЧА ОБРАЗА АВТОРА ЧЕРЕЗ ЯЗЫКОВЫЕ И СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АВТОР БЕЙНЕСІН БЕРУДЕГІ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК КӨРІНІСІ LANGUAGE AND STYLISTIC FEATURES OF PROVERBS AND SAYINGS THAT CONVEY THE IMAGE OF THE AUTHOR

Қанапина С.Ғ.

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қостанай, Қазақстан*

Аннотация

В статье рассматриваются языковые и стилистические особенности пословиц и поговорок в прозе Г. Мустафина передающих образ автора.

Ключевые слова: образ автора, прямая речь, слова автора, пословицы и поговорки.

Keywords: author's image, direct speech, author's words, proverbs and sayings.

Сөйлеу формалары көркем прозаның композициялық-тілдік қабатының ішкі құрылымын құраса, оның сыртқы қабатын автор сөзі, төл сөз, ортақ төл сөздің әртүрлі типтері құрайды.

Автор сөзі өзі білдіретін затқа тура бағытталған, ол өзі бейнелейтін нәрсені тікелей түсіндіруге арналған.

Төл сөз – кейіпкер сөзі бұл да өзі бейнелейтін затқа тура бағытталған, сонымен бір мезгілде оның өзі де автордың бейнелеу